



А.А. НҰРҒАЛИЕВА

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.А. ШАФЕЕВА

аға оқытушы

Е.А. НҰРҒАЛИЕВ, А.О. ЕСЖАНОВА

магистранттар

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Өңір экономикасының жұмыс жасауы, оның инвестициялық тартымдылығына, өндіріс тиімділігіне және халықтың өмір сапасына әсер етуші өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың дамуымен байланысты проблемалары қарастырылған. Әлеуметтік құрылымды дамыту мемлекеттік басқаруда басымдық бағыттар болуы керек.

Рассмотрены проблемы функционирования экономики региона, связанные с развитием производственной и социальной инфраструктур, оказывающих влияние на его инвестиционную привлекательность, эффективность производства и качество жизни населения. Развитие социальной инфраструктуры должно стать приоритетным направлением государственного управления.

The issues of regional economic development associated with the development of industrial and social infrastructure, which have impact on its investment attractiveness, production efficiency and quality of life have been highlighted. Development of social infrastructure should become a priority of public administration.

Тұтқалы сөздер: нарықтық қатынастар, аграрлық сектор, ауылшаруашылық тауар өндірушілер, ауылшаруашылық өнімдері, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым, инвестициялық тартымдылық, өндіріс тиімділігі, халықтың өмір сүру сапасы.

Ключевые слова: рыночные отношения, аграрный сектор, сельхозтоваропроизводители, сельскохозяйственная продукция, производственная и социальная инфраструктуры, инвестиционная привлекательность, эффективность производства, качество жизни населения.

Keywords: market relations, agricultural sector, agricultural producers, agricultural products, production and social infrastructure, investment attractiveness, production efficiency, population quality of life.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі қашан да қазақстандық қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын факторы болып келді және әлі де болып келеді. Республика экономикасын дамытуда басым бағыттарының бірі аграрлық сектор болып саналады, ауыл шаруашылығы аса зор әлеует пен үлкен қорға ие.

Ел тұрғындарының 40% қызметі мен тіршілік көзі ауылдық жер болып табылады, олардың көпшілігі үшін жер - негізгі күнкөріс құралы. Аграрлық өндірістің тұрақтылығы – елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері – әлемдік нарықта экспорттық өктемдік жасауда әлеуетті өнімдердің және валюталық түсім көздерінің бірі. Ел экономикасының қуаттылығы оның қазба байлықтары мен минералдық ресурстар базасының

көлеміне емес, болашақты аңғаратын экономикалық реформалар стратегиясының бәсекелестікке қабілетті жоғарғы технологиялық тауар мен сапалы қызмет жасауға жағдай туғызуға негізделгені дұрыс.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен реформаның іске асуын бағалай келе былай деген еді: жүргізіліп отырған саясат пен мемлекеттің нарықтық экономикаға көшу тәжірибесіндегі нақтылы қызметте тиімділігінің төмен болуы объективті түрдегі кедергі факторлардан басқа, кейбір жағдайларда ойланбай қабылданған шаралар мен шешімдердің әсер етуінен, тактикалық қателерден болды. Сондықтан аграрлық өнеркәсіптік саладағы экономикалық ахуал үнемі жанжақты талдауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын және одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар

шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды экономикалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңінде елдің агроөнеркәсіп кешенінде мәнді нәтижелерге қол жеткізілді: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі байқалуда, еңбек өнімділігі мен өндіргіштігі артуда, саланың негізгі қорларын және инфрақұрылымын жаңарту жүргізілуде, негізгі азық-түлік өнімдері бойынша өздігінен қамтамасыз етуге қол жеткізілді, дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының тұрақты өсуі байқалады. 2011 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі ЖІӨ) көлеміне 5,1% құрады, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек өндіргіштігі 2005–2011 жылдар кезеңінде жылына 9,3% орташа жылдық өсу қарқынымен бір жұмыс істейтінге 304,2 мың теңгеден 498 мың теңгеге дейін өзгерді. Сол кезеңде ауылды жерде шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстанның жалпы халқынан 45% тұрды. Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына (КО) кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өндіргіштігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді [1].

Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шетелдің өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелуі мүмкін. Азық-түлік өнімдерін тұтынудың өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, халықтың еңбекпен қамтылуының өсуі және республиканың экономикалық өсуі үшін ауыл шаруашылығының рөлін Мемлекет Басшысы бірнеше рет, соның ішінде Қазақстан Респуб-

ликасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында атап өтті. Сыртқы және ішкі ортаның өзгерген жағдайларында Қазақстанның КО пен ДСҰ-ға кіруіне, саланы мемлекеттік реттеу мен жаңғыртудың жаңа тетіктерін қолдану қажеттілігіне байланысты ҚР агроөнеркәсіп кешенін (АӨК) дамытудың жаңа салалық бағдарламасы әзірленді.

ҚР ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарықтарымен ықпалдастыққа түсуде және сауда теңгерімін қалыптастыруға белсене қатысуда, барлық экспорттың 17,6% және барлық импорттың 15,3% алады. Алайда, АӨК қайта өңдеу өнімдерінің көптеген түрлері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі қалыптасып отыр: жеміс-көкөніс өнімдері, ет және сүтті қайта өңдеу өнімдері бойынша импортқа тәуелділіктің деңгейі жоғары.

Қазақстан Республикасындағы егістік алқаптар 2011 жылы 21083,0 мың гектар құрады. Барлық егістік алқаптардың 65,6%-на (13848,9 мың гектар) бидай егілді. Дәнді дақылдарға 2011 жылы барлық егістік алқаптардан 76,5% (16125,9 мың гектар) бөлінді. Мал басының саны 2012 жылдың басында 5,7 млн. бас ірі қара мал, 18,1 млн. бас ұсақ мал, 1,6 млн бас жылқы, 1,2 млн. бас шошқа, 0,17 млн. бас түйе және 32,9 млн. бас құстан құралды.

Нарықтарды, соның ішінде Қазақстан үшін дәстүрлі ТМД-дағы экспорттық өнім өткізу нарықтарын игеру бойынша бірқатар мүмкіндіктер пайдаланылмауда. Жүргізілген талдау нәтижесінде қазақстандық өндіріс өнімдерін өткізудің мынадай перспективалы нарықтары анықталды. Бидай нарығында Орталық Азия елдерінде, Ауғанстанда, Европалық Одақта Қазақстан ОА елдері мен Ауғанстан халқының тез өсуін ескере отырып, 2020 жылы астық эквивалентінде (бидай, ұн, бидайды терең өңдеу өнімдері) 10 млн. тоннадан астам өнім өткізе алады. Шешуші міндеттердің бірі ұн экспорты бойынша көшбасшы орынды сақтау болып табылады, ол импорттаушы елдердің ұн өндіру жөніндегі меншікті қуаттарын дамытуға бағдарлануына байланысты қысқаруы мүмкін. Бидайды терең өңдеу өнімдерінің (крахмал, глютен, дән маңызы, ГФС және басқалары) экспорты қазіргі уақытта іске қосылып жатқан ұнды терең өңдеу жобалары ойдағыдай болған жағдайда шикізат эквивалентінде 0,3-0,5 млн. теңге құрайды. РФ-на жылына шамамен 1 млн тонна алма экспортталады, соның ішінде Қазақстан 2020 жылы 400 мың тоннаға дейінгі жеткізулерді қамтамасыз ете алады. Бұл ретте Қазақстанның ішкі нарығы 2020 жылы

шикізат эквивалентінде шамамен 600 мың тонна алма және 400 мың тонна алманы қайта өңдеу өнімдерін құрайды. Осы өнім түрі бойынша толығымен өздігінен қамтамасыз ету және қазақстандық өндіріс алмаларын РФ шығыс бөлігінде дәстүрлі өткізу нарықтарын қалпына келтіру мақсат болып табылады. Көкөніс өнімдерінің, соның ішінде томаттардың ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 3 млн. тоннаны құрайды, оның ішінде жергілікті өндірушілер ішкі сұраныстың 100% қамтамасыз ете алады. Көкөніс өнімдерінің экспорты 2020 жылы негізінен КО елдерінде 300 мың тонна құрай алады. Консервіленген көкөністердің ішкі өндірісі 2020 жылы болжамдар бойынша 85 мың тоннаға дейін өседі. Ішкі нарықтағы жүгері сұранысы 2020 жылға қарай негізінен мал шаруашылығына бағытталған дәнде шамамен 1 млн. тонна құрайды және жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады. Иран қазіргі уақытта жыл сайын 3 млн. тоннадан астам жүгері импорттайды және осы өнім өткізудің перспективалы әлеуетті нарығы болып табылады. Рапстың ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 500 мың тонна құрайды, ол жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ ЕО елдеріне экспорт көлемін 70 мың тоннаға дейін екі есе арттыру әлеуеті бар. Сояның ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 350 мың тонна құрайды, ол жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады.

РФ импорттық сиыр етінің әлеуетті нарығы жыл сайын 600 мың тоннадан кем емес, оған Қазақстан 2016 жылы шамамен 60 мың тонна салқындатылған ІҚМ етін жеткізе алады. Сондай-ақ сиыр етінің ішкі нарығы 2020 жылға қарай шамамен 500 мың тонна, қой еті - 200 мың тонна, жылқы еті – 120 мың тонна құрайды (отандық өнім есебінен). Қой еті мен жылқы еті бойынша ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағдар перспективалы емес, өйткені шектес елдердің ішкі нарықтарының ерекшелігіне байланысты осы өнім түрлерін үлкен көлемдерде экспорттау мүмкін болмайды. Етті қайта өңдеу өнімдерінің ішкі нарығы болжамдар бойынша 2020 жылы шамамен 115 мың тонна шұжық өнімдерін, 85 мың тоннадан астам өзге өнімдерді құрайды, соның ішінде жергілікті өнім шамамен 100 мың тонна шұжық өнімдерін және 60 мың тоннадан астам өзге өнімдерді құрай алады.

РФ-ында импортталған салқындатылған қызыл балық (арқан балық) нарығы жылына шамамен 75 мың тонна құрайды, соның ішінде Қазақстан 2020 жылға қарай 15 мың тоннасын импорттай алады, сондай-ақ РФ-на, ЕО мен басқа елдерге 5 мың тоннаға дейін бекіре мен қара уылдырық экспорты мүмкін болады. Балық пен балық өнімдерінің ішкі нарығы шамамен 200 мың тонна құрайды,

соның ішінде жергілікті өнім шамамен 105 мың тоннаны құрай алады.

Сүт өнімдерінің ішкі нарығы Қазақстанда 2020 жылы сүт эквивалентінде шамамен 1,6 млн. тонна құрай алады, соның ішінде жергілікті өнім сүт эквивалентінде шамамен 1,5 млн. тонна құрайды. Мал шаруашылығы үшін күрделі жемшөпке қажеттілік жылына 3 млн. тоннадан астамға дейін өседі.

Күріш бойынша Қазақстан өздігінен қамтамасыз етуге қол жеткізеді, алайда үлкен көлемдердегі экспорт жоғары бәсекелестікке және ҚР табиғи-климаттық жағдайларымен шартталған өнім сапасына шектеулерге байланысты перспективалы емес. Мақта өндірісін өсіру үшін жарамды аумақтар Оңтүстік Қазақстан облысының үш ауданымен шектелген, осыған байланысты өндіріспен экспорттың тұрақты өсуі мүмкін болып табылмайды.

Биязы жүн нарығында өндірісті 6-8 мың тоннаға дейін өсіру мүмкін болады, сондай-ақ өндірілетін жартылай қылшықты және қылшық жүнді қайта өңдеу дәрежесін жылына бірнеше мың тоннаға арттыру мүмкін [2].

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу проблемаларын талдау, шешуші қайта өңдеу өнімдері экспорты-импортының теңгерімі бірқатар өнімдер бойынша Қазақстанның үлкен импортқа тәуелділігін көрсетеді (ҚР Статистика агенттігі деректерінің негізінде Тамақ өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі, тауарлар импортының құрылымы). Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша 2011 жылы негізгі азық-түлік тауарлары импортының көлемі 1093,7 млн. АҚШ долларын құрады. Импорттың негізгі үлесін қант, шикізатын қоса алғанда (31%), өсімдік майы (13%), сүт және қоюлатылған кілегей секілді өнімдер алады. Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдері өндірісінің құрылымында негізгі үлесті астықты қайта өңдеу (31,1%), етті қайта өңдеу (9,4%), сүт өңдеу (10,2%), балықты қайта өңдеу (3,2%), жеміс-көкөніс (2,2%), май-тоң май (2,6%) салалары, сусын өндіру (9,5%) алады. Қайта өңдеу секторын дамытуда негізгі тежеуші факторлар мыналар болып табылады: шикізаттың төмен сапасы және тапшылығы, сондай-ақ шикізатты дайындау, тасымалдау және сақтау бойынша логистиканың дамымағандығы, бұл, қайта өңдеу қуаттылықтарының толық жұмыс істемеуіне әкеледі; отандық ауыл шаруашылығы өнімдері мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге төмен қабілеттілігі; өндірілген өнімдерді сату мен өткізудің қиындығы. Сондай-ақ салық салумен байланысты проблемалар бар – салықтар бойынша 70% жеңілдік ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеуші-

лердің бір бөлігіне ғана таралады. Ол формальды түрде таралатын белгілі бер өнім түрлері өндірісіне жергілікті салық органдары толық салық салады, бұл іс жүзінде аталған норманың әрекетсіздігіне әкеледі. Сондай-ақ ҚҚС бойынша жеңілдіктер қайта өңдеу үшін шикізат жеткізушілерге таралады, бірақ қайта өңдеу кәсіпорындарына қатысы жоқ, бұл қайта өңдеу кәсіпорындары үшін жоғары деңгейдегі салықтық жүктемеге әкеледі.

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі жылына 3,3 млрд. теңгеден астам. «ҚазАгроИнновация» АҚ (ҚАИ) салалық холдингінде 1,3 мыңнан астам адам жұмыс істейді, оның ішінде, ғылыми дәрежесі бар ғылыми қызметкерлер 60%, олардың орташа жасы 46,7 жас. Айтарлықтай материалды-техникалық база бар – 208 мың гектардан астам жер, алаңы 900 мың шаршы метрден астам ғимараттар мен құрылыстар, 3 мың бірлікке жуық ауыл шаруашылығы техникасы және басқа да активтер. Қазіргі уақытта қазақстандық аграрлық ғылымның, атап айтқанда, «ҚазАгроИнновация» АҚ-ның (ҚАИ) құрылымы үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келмейді.

ҚР-да АӨК дамытудың мықты жақтары қазіргі уақытта дамыту бағдарламасын мемлекеттік қолдау, агротехнологияларды қолданудың үлкен жинақталған тәжірибесі болып табылады. АӨК дамытудың әлсіз жақтары өндірістің ұсақ тауарлығы, сақтау қуаттарының, логистикалық қуаттардың жеткіліксіздігі, ҒЗТҚЖ енгізудің, ветеринариялық қауіпсіздіктің төмен деңгейі және дамытудағы басқа кемшіліктер болып табылады.

АӨК-ні SWOT талдау мықты жақтары:

- АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсуі;
- Қазақстан бидай мен бидай ұны өндірісінде әлемдік көшбасшы болып табылады;
- Қазақстан АӨК-і қажетті мемлекеттік қолдау алады;
- жер және су ресурстарымен қамтамасыз етілуі;
- өндіріс және органикалық өнім экспортының биік потенциалы.

Әлсіз жақтары:

- бірқатар салалардағы өндірістің ұсақ тауарлығы;
- еңбек өнімділігін төмендігі;
- малдардың төмен өнімділігі;
- өсімдік шаруашылығы негізгі дақылдарының төмен өнімділігі;
- ҒЗТҚЖ төмен енгізу;
- заманауи агротехнологиялық білімді таратудың төмен дәрежесі;
- Қаржыландыру және сақтандыру жүйесінің дамымағандығы.

Бірқатар АӨК салаларында импорт алмастыруды дамыту және экспорттық әлеуетті іске асыру мүмкіндіктері:

- саланы тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;

- тауарлық балық аулауды, ІҚМ ет экспортын, жайылымдық мал шаруашылығын, алма, майлы дақылдар және басқа өнім түрлері өндірісін дамыту. Қауіптер мен тәуекелдер, сала өніміне әлемдік бағаның ішкі және сыртқы конъюнктурасының нашарлауымен шартталған макроэкономикалық тәуекелдер;

- ДСҰ-на кіруге байланысты бірқатар өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің өсуі;

- табиғи-климаттық жағдайлардың қысқамерзімді де, ұзақмерзімді де қолайсыз өзгерулері (климаттың жаһандық жылуы және осымен байланысты шөлді және шөлейтті жерлердің артуы, су ресурстары тапшылығының артуы, ауа-райы жағдайларының тұрақсыздығы және басқалары);

- өнімді нысаналы өткізу нарықтарына дейін тасымалдау нарығының сыни тозуы және осымен байланысты жеткізу құнының қымбаттауы;

- жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуы және табиғи ортаның ластануы, өсімдіктердің, жануарлардың, балықтардың, жәндіктердің зиянкес түрлерінің таралуы, бұл жер, су және басқа ресурстардың қолжетімділігінің төмендеуін және жалпы сала өнімділігінің төмендеуін тудырады, ҚР АӨК экспорттық әлеуетін төмендетуі мүмкін;

- кәсіпкерлік субъектілері рентабельділігінің төмен деңгейі;

- пайдаға қысқамерзімді бағдарлану, қаржыландыру тапшылығы, ғылыми ұсынылған ресурстарды пайдалану нормативтерін сақтамау нәтижесінде жер, су, биологиялық ресурстар әлеуетінің, жануарлардың, өсімдіктер мен балықтардың генетикалық әлеуетінің төмендеуі;

- саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі, бұл ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің трансакциялық шығындарының өсуін тудыруы мүмкін, саланы дамытуды қолдауға бөлінген мемлекеттік қаражатты тиімсіз пайдалану, нарық сигналдарын бұрмалау және өнімді өндіру мен тұтыну құрылымындағы қайшылықтар [3].

Қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін, несиелер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру агробизнесі тұрақты жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ауыл шаруашылығы техникаларының лизинг жолымен, негізгі және айналым құралдарын сатып алуға мүмкіндік береді, олар негізінен қаржы институттарының қарыз қаражаты есебінен тартылады. Сонымен бірге, ауыл

